



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2008 жылғы 30. маусым № 2/331 30. маусым 2008 года

“Алматы қаласының даму орталығы”  
акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасының “Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы” 1998 жылғы 1 шілдедегі, “Акционерлік қоғамдар туралы” 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің “Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар Жоспарын бекіту туралы” 2007 жылғы 6 қарашадағы №1039 қаулысына, III сайланған Алматы қаласы Мәслихаты XXIV сессиясының “2006-2008 жылдарға арналған Алматы қаласында қолайлы инвестициялық ахуал жасау бағдарламасын бекіту туралы” 2006 жылғы 26 шілдедегі №260 шешіміне сәйкес, қала экономикасына инвестиция тартуға ықпал етіп, қалалық инвестициялық жобаларды басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын “Алматы қаласының даму орталығы” акционерлік қоғамы (бұдан әрі--Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі тақырыбы болып инвестиция мен инновацияны тарту үшін экономикалық орта қалыптастыру жолымен Алматы қаласының экономикалық дамуына ықпал ету, инвестициялық жобаларды жасау, қаладағы әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды жасау және жүзеге асыру, құрылыс нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету белгіленсін.

3. Ұсынылып отырған Қоғамның Жарғысы бекітілсін.

4. Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті заңда белгіленген тәртіппен қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыруға Алматы қаласының жергілікті бюджеті қаражатынан 160000000 (бір жүз алпыс миллион) теңге бөлсін.

5. Қоғам акциясының мемлекеттік пакетін иемдену және пайдалану құқығы Алматы қаласының Қаржы департаментіне берілсін.

6. Алматы қаласының Қаржы департаменті:
- 1) қоғам акциясының жүз пайызын оның құнын номинальдық бағамен төлеу арқылы коммуналдық меншікке сатып алуды;
  - 2) қоғамның Қазақстан Республикасының әділет органдарыда мемлекеттік тіркелуін;
  - 3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын;
  - 4) Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментімен бірге екі апта мерзім ішінде қоғамның атқарушы органы мен директорлар кеңесінің құрамы бойынша ұсыныс енгізуді қамтамасыз етсін.
7. Алматы қаласы әкімдігінің “Алматы инвест” акционерлік қоғамын құру туралы” 2007 жылғы 5 сәуірдегі №3/441 қаулысының күші жойылды деп танылсын.
8. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары В.А. Долженковқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Әкімдік хатшысы



А.Есімов

К.Тәжиева





ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2008 жылғы 30. мамыр № 2/331 30. мае 2008 года

**О создании  
Акционерного общества  
«Центр развития города Алматы»**

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 1 июля 1998 года «Об особом статусе города Алматы», от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 ноября 2007 года №1039 «Об утверждении Плана первоочередных действий по обеспечению стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан», решением XXIV сессии Маслихата города Алматы III созыва от 26 июля 2006 года № 260 «Об утверждении программы создания благоприятного инвестиционного климата в городе Алматы на 2006-2008 годы», в целях содействия привлечению инвестиций в экономику города и повышения эффективности управления городскими инвестиционными проектами акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Создать акционерное общество «Центр развития города Алматы» (далее - Общество) со сто процентным участием государства в его уставном капитале.

2. Определить основным предметом деятельности общества содействие экономическому развитию города Алматы путем формирования экономической среды для привлечения инвестиций и инноваций, реализации инвестиционных проектов, разработки и реализации программ, направленных на развитие социальной сферы в городе и обеспечение стабильности на строительном рынке.

3. Утвердить прилагаемый Устав Общества.

4. Департаменту экономики и бюджетного планирования города Алматы в установленном законодательством порядке выделить на формирование уставного капитала общества 160000000 (сто шестьдесят миллионов) тенге из средств местного бюджета города Алматы.

5. Передать права владения и пользования государственным пакетом акций общества Департаменту финансов города Алматы.

6. Департаменту финансов города Алматы обеспечить:

1) приобретение в коммунальную собственность ста процентов акций общества посредством их оплаты по номинальной стоимости;

2) государственную регистрацию общества в органах юстиции Республики Казахстан;

3) принятие иных мер, вытекающих из настоящего постановления;

4) совместно с Департаментом экономики и бюджетного планирования внести в двухнедельный срок предложения по исполнительному органу и составу совета директоров общества.

7. Постановление акимата города Алматы от 5 апреля 2007 года № 3/441 «О создании акционерного общества «Алматы инвест» признать утратившим силу.

8. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Алматы Долженкова В.А.

Аким города Алматы

Секретарь акимата



А.Есимов

К.Тажиева